

**Мәслихаттың 2024 жылғы 10 сәуірдегі № 111 "Федоров ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2025 жылғы 10 ақпандағы № 162 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 19 ақпанда № 10380-10 болып тіркелді

Федоров аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Федоров ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2024 жылғы 10 сәуірдегі № 111 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10176-10 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімге 1-қосымшасының 6-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе оның сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Қағидаларға сәйкес "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе "электрондық үкімет" веб-порталына тоқсанына бір рет жүгінеді.

"Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Қағидаларға 2-қосымшада көзделген."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Федоров аудандық мәслихатының төрағасы*

*Б. Исенгазин*